

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйымы: МКҚК “Әлия” бөбекжайы

Топ: “Айгөлек” ересек тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11.2024-29.11. 2024 жыл, қараша айы, 4- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 25.11.2024	Сейсенбі 26.11.2024	Сәрсенбі 27.11.2024	Бейсенбі 28.11.2024	Жұма 29.11.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. (Күй күмбірі)	Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. (Күй күмбірі)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту (Күй күмбірі)	Балалық шақ күйімен қарсы алу Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру (Күй күмбірі)	«Көңілді күн» музыкасын қосып көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Тазалықтарына мән беру. Балаларды соңғы жаңалықтарды айтып беруге тарту сөйлеуді дамыту
Ата- аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Балаларды қабылдау барысында ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.
Балаларды н дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үс тел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Ғажайып коржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет	Ұлттық ойын: «Әуе таяқ » Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін калыптастыру. Жеті лақ» ертегісін мазмұндау. Бір тұтас тәрбие	Ұлттық ойын: Соқыр теке Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Бір тұтас тәрбие	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оята отырып тәптіл бала болуға тәрбиелеу. Бір тұтас тәрбие	Ұлттық ойын: «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. Бір тұтас тәрбие

кітаптарқа рау және тағы басқа әрекеттер)	салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). жалаушамен				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдаст ырылған іс-әрекетке дайындық	Көрнекілік негізінде 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету	Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту.	Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту	Шеңбермен және тік төртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.	Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төме нде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.
Ұйымдаст ырылған іс- әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: адымдап жүру адымдап жүгіру етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка	Музыка Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажыратуға қалыптасады. (секста, септима шегінде жоғары, төмен) Музыкалық шығарманы иллюстрациямен сәйкестендіруге	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: адымдап жүру адымдап жүгіру заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: адымдап жүру адымдап жүгіру бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;	Музыка Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажыратуға қалыптасады. (секста, септима шегінде жоғары, төмен) Музыкалық шығарманы иллюстрациямен сәйкестендіруге

бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;	қалыптасады.	кем емес), бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Қазақ тілі Туыстық қарым-қатынасты («сінлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес),	қалыптасады.
Ертегіні жақсы көре ме? Қандай кейіпкерлері бар ертегілерді тыңдағанды ұнатады? Ертегіні қалай тыңдаған ұнайды? Үстел үсті, саусақ, көлеңкелі театрмен таныстыру. Балалардың сұранысы бойынша үстел үсті театрын пайдаланып ертегі айтып беру. Балалардың өздеріне пайдалануға ертегіні қайталап айтуға немесе ойдан шығаруға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)	Көлеңкелі театр арқылы ертегі қойылымын тамашалату. Балалардың өздері қайталауға талпындыру. (сөйлеуді дамыту) Ертегі кейіпкерлерінің көлемін сақтап мүсіндету. (мүсіндеу) Вариативтік бөлім: Тақырыбы: “Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс”. Мақсаты: қағаз, қайшы, желіммен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.	«Ай мен жұлдыз» мультфильмін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет) Ұлттық бұрыштың суретін салуды ұсыну. Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттарды тану және атауды үйрету. (сурет салу).	Ғажайып қоржын ойын ойнату. Әр бала қоржыннан бір затты ұстайды, қоржыннан шығармай заттың пішінін, неден жасалғанын неге ұқсайтынын сипаттайды. Балалар сипаттауына қарай затты атап табуын үйрету. (математика негіздері) Қоржыннан алған заттарын мүсіндеп, суретін салдырту (мүсіндеу, сурет салу)	«Мен ертегі кейіпкері болсам» тақырыбында әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Ертегі кейіпкерлерін санау, салыстыру (математика негіздері)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күннің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді	Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жағырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы, жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? • Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. • Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? • Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? • Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды	Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.

	Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: коқыстарды белгіленге орынға жинау.	ойын «Мысық пен торғайлар». Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жанылтпаптар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды білу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолынды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қояды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Танымал ертегі кейіпкерлерін жасату. (сөйлеуді дамыту)	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды (бас, аяқтар, қолдар). Ойыншықтарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруын үйретіп дамыту. (математика негіздері)	Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санату. (математика негіздері)	Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту. (құрастыру)	Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып жапсырып сәндету. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Айымға бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіруді қалыптастыру	Медина мен Рахимге жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру; - пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруды үйрету.	Алинұрға суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруді баулу.	Нұрасылға көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуісжөк" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру -заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру	Санжар мен Адияға қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды меңгерту.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Видео материал арқылы ән айтып, би билету. (музыка) Еркін ойындар	Конструктордан сандық құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру) Еркін ойындар	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар	Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еркін ойындар	Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтары мен бір-біріне домалатуды пысықтау; (дене шынықтыру) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу. Баланың үйдегі өзіндік әрекетті жайлы сұхбат.	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Сазбалшық туралы не білгенін сұрау	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы

МКҚК-ны әдіскері:

 У.Г.Нурмухамметова

«12» 11 2024жыл